

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі жүзеге асыратын міндеттерді орындауы үшін қажетті және жеткілікті дербес деректерінің тізбесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің 2017 жылғы 22 мамырдағы № 193 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 23 маусымда № 15252 болып тіркелді

"Дербес деректер және оларды қорғау туралы" 2013 жылғы 21 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының 25-бабы 2-тармағының 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі жүзеге асыратын міндеттерді орындауы үшін қажетті және жеткілікті дербес деректерінің тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Персоналды басқару департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркеген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін қағаз және электрондық түрде қазақ және орыс тілдерінде ресми жариялау және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің жауапты хатшысына жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Ақпарат және коммуникациялар
министрі

Д. Абаев

Қазақстан Республикасы
Ақпарат және коммуникациялар
министрінің
2017 жылғы 22 мамырдағы
№ 193 бұйрығымен бекітілген

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі жүзеге асыратын міндеттерді орындауы үшін қажетті және жеткілікті дербес деректерінің тізбесі

1. Тегі, аты, әкесінің аты (егер болса);
2. Туылғандығы жөнінде мәліметтер: туылған күні және жері;
3. Ұлты;
4. Жынысы;
5. Білімі туралы мәлімет: (оқу орнын бітірген жылы және оның атауы, мамандығы бойынша біліктілігі, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы);
6. Жеке сәйкестендіру нөмірі;
7. Портреттік бейнесі (3x4 фотосуреті);
8. Қолы;
9. Жеке басын куәландыратын құжаттың деректері: (құжаттың атауы, құжаттың нөмірі, құжатты берген күні, құжаттың қолданылу мерзімі, құжатты берген орган);
10. Жеке басын куәландыратын құжаттардың жарамсыз болу, жойылу себептері туралы мәліметтер;
11. Әскери, арнайы атақтары, сыныптық шені (егер болса);
12. Байланыс деректер: (тұрғылықты мекен жайы, тұрғылықты мекенжайы немесе келу орны бойынша тіркелген күні, байланыс телефондар, электрондық поштаның мекенжайы);
13. Мемлекеттік наградалары, құрметті атақтары (егер болса);
14. Азаматтығы туралы мәліметтер;
15. Соттылығының болуы (болмауы);
16. Жанұялық жағдайы туралы мәлімет: (тұрмыста бар-жоғы, неке қию туралы куәлік деректері, неке бұзу туралы куәлік деректері, жұбайының тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), жұбайының жеке басын куәландыратын құжаттың деректері);
17. Медициналық қорытындылары туралы мәлімет;
18. Арнайы тексерісті өту туралы мәлімет;
19. Бағалау нәтижелері туралы мәлімет;
20. Аттестациядан өткен күні және нәтижелері;
21. Еңбек жолы туралы мәлімет (қабылданған, босатылған күні, лауазымы, жұмыс орны, ұйымның орналасқан жері);
22. "А", корпусының кадр резервіне алынғаны туралы мәлімет;
23. Табыстары туралы декларация: жұбайының табыстары туралы декларация;
24. Жұмыста болмаған кезеңдері (уақытша еңбекке жарамсыздығы, демалыстары, іссапарлары және тағы басқалар) туралы мәліметтер;

25. Заңды тұлғаның атқарушы органдарына, директорлар кеңестеріне, байқаушы кеңестеріне және басқа да басқару органдарына қатысуы туралы мәліметтер;

26. Ротация туралы мәліметтер.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК